

"Алматы-Байсерке-Талғар" магистральдық газ құбырының күзет аймағы шекарасын белгілеу және жерді пайдалану режимін айқындау туралы

Алматы облысы әкімдігінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 11 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2016 жылы 19 ақпандағы № 3737 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 118, 121-баптарына, "Магистральдық құбыр туралы" 2012 жылғы 22 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабына сәйкес Алматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоршаған ортаға зиян келтіруді болдырмау және "Алматы-Байсерке-Талғар" магистральдық газ құбырының желілік бөлігін қауіпсіз пайдалану үшін жағдайлар жасау мақсатында меншік иелері мен жер пайдаланушылардан жер учаскелерін алмай, құбыр осінен әрбір жағынан 50 метрден, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерде құбыр осінен әрбір жағынан 25 метрден күзет аймағының шекарасы осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. "Алматы-Байсерке-Талғар" магистральдық газ құбырының күзет аймағындағы жерді пайдалану режимі осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес белгіленсін.

3. Іле, Қарасай және Талғар аудандарының әкімдеріне халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында құрылыс нормалары мен қағидаларында белгіленген ең аз қашықтық шегінде магистральдық құбырға жатпайтын нысандарды салу үшін жер учаскелерін беруге тыйым салынсын.

4. Облыстың жер қатынастары басқармасының басшысына осы қаулыны әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін ресми және мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген интернет-ресурста және облыс әкімдігінің интернет-ресурсында жариялау жүктелсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары Махаббат Сәдуақасұлы Бигелдиевке жүктелсін.

6. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы облысының әкімі

А. Баталов

Жерлер экспликациясы

P/н	Ж е р учаскесінің кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Ж е р учаскесінің көлемі, гектар	Оның ішінде ауыл шаруашылығы алқаптар түрлері бойынша					Басқа да алқаптар
				егістік барлығы	оның ішінде суармалы	көпжылдық екпелер	шабындық	жайылым	
Іле ауданы									
1.	03-046-084-109	Тауарлы ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу	0,5224	0,5224	-	-	-	-	-
2.	03-046-084-130	Шаруа қожалығын жүргізу	1,0486	1,0486	-	-	-	-	-
3.	03-046-084-153	Шаруа қожалығын жүргізу	0,3148	0,3148	-	-	-	-	-
4.	03-046-084-154	Шаруа қожалығын жүргізу	0,5373	0,5373	-	-	-	-	-
5.	03-046-084-269	Шаруа қожалығын жүргізу	0,3602	0,3602	-	-	-	-	-
6.	03-046-084-270	Шаруа қожалығын жүргізу	0,8075	0,8075	-	-	-	-	-
7.	03-046-175-007	Шаруа қожалығын жүргізу	1,6976	1,6976	-	-	-	-	-
8.	03-046-175-011	Шаруа қожалығын жүргізу	0,0354	0,0354	-	-	-	-	-
9.	03-046-196-288	Шаруа қожалығын жүргізу	1,0847	1,0847	-	-	-	-	-
10.	03-046-267-698	Шаруа қожалығын жүргізу	0,8181	0,8181	-	-	-	-	-
11.	03-046-084-262	Шаруа қожалығын жүргізу	0,0581	0,0581	0,0581	-	-	-	-
12.	03-046-267-1132	Шаруа қожалығын жүргізу	0,066	0,066	0,066	-	-	-	-
13.	03-046-267-1133	Шаруа қожалығын жүргізу	0,0643	0,0643	0,0643	-	-	-	-
14.	03-046-267-1253	Шаруа қожалығын жүргізу	0,3324	0,3324	0,3324	-	-	-	-
15.	03-046-267-1301	Шаруа қожалығын жүргізу	0,6588	0,6588	0,6588	-	-	-	-
16.	03-046-267-1359	Шаруа қожалығын жүргізу	0,1572	0,1572	0,1572	-	-	-	-
17.	03-046-267-1379	Шаруа қожалығын жүргізу	0,047	0,047	0,047	-	-	-	-
18.	03-046-267-1380	Шаруа қожалығын жүргізу	0,0445	0,0445	0,0445	-	-	-	-

19	03-046-267-1381	Шаруа қожалығын жүргізу	0,0685	0,0685	0,0685	-	-	-	-
20	03-046-267-1408	Шаруа қожалығын жүргізу	0,0662	0,0662	0,0662	-	-	-	-
21	03-046-267-1409	Шаруа қожалығын жүргізу	0,063	0,063	0,063	-	-	-	-
22	03-046-267-1410	Шаруа қожалығын жүргізу	0,0669	0,0669	0,0669	-	-	-	-
23	03-046-267-1411	Шаруа қожалығын жүргізу	0,0553	0,0553	0,0553	-	-	-	-
24	03-046-267-1512	Шаруа қожалығын жүргізу	0,5526	0,5526	0,5526	-	-	-	-
25	03-046-267-285	Тауарлы ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу	0,741	0,741	0,741	-	-	-	-
26	03-046-267-999	Шаруа қожалығын жүргізу	0,0455	0,0455	0,0455	-	-	-	-
27	03-046-267-1382	Шаруа қожалығын жүргізу	0,061	0,061	0,061	-	-	-	-
28	03-046-084-131	Шаруа қожалығын жүргізу	1,06	-	-	-	-	1,06	-
29	03-046-084-239	Тауарлы ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу	2,537	-	-	-	-	2,537	-
30	03-046-166-026	Шаруа қожалығын жүргізу	0,3884	0,3884	-	-	-	-	-
31	03-046-166-029	Шаруа қожалығын жүргізу	0,5726	0,5726	-	-	-	-	-
32	03-046-267-1042	Шаруа қожалығын жүргізу	0,034	-	-	-	-	0,034	-
33	03-046-267-130	Шаруа қожалығын жүргізу	0,6358	-	-	-	-	0,6358	-
34	03-046-267-137	Шаруа қожалығын жүргізу	0,3822	-	-	-	-	0,3822	-
35	03-046-267-644	Шаруа қожалығын жүргізу	0,1137	-	-	-	-	0,1137	-
36	03-046-084-129	Шаруа қожалығын жүргізу	0,2848	0,237	-	-	-	0,0478	-
37	03-046-267-441	Шаруа қожалығын жүргізу	0,6625	0,5475	-	-	-	0,115	-
38	03-046-317-005	"Алматы-Өскемен" автомобиль жолына қызмет көрсету	0,1886	-	-	-	-	-	0,1886
39	Босалқы жерлер	-	7,5265	1,4892	1,4219	-	-	4,1684	0,447
	Барлығы аудан бойынша	-	24,761	15,0315	4,5702	-	-	9,0939	0,6356
Қарасай ауданы									
1.	03-047-424-	Тауарлы ауыл шаруашылығы	1,5934	1,5759	-	-	-	-	0,0142

	017	өндірісін жүргізу						0,0033	
2.	03-047-117-1011	Шаруа қожалығын жүргізу	0,0757	-	-	-	-	0,0757	-
3.	03-047-424-011	Тауарлы ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу	0,1229	-	-	-	-	0,1229	-
4.	03-047-117-285	Шаруа қожалығын жүргізу	0,0105	0,0105	0,0105	-	-	-	-
5.	03-047-117-288	Шаруа қожалығын жүргізу	0,077	0,077	0,077	-	-	-	-
6.	03-047-117-2362	Шаруа қожалығын жүргізу	0,0116	0,0116	0,0116	-	-	-	-
7.	03-047-117-289	Шаруа қожалығын жүргізу	0,0453	0,0453	0,0453	-	-	-	-
8.	03-047-424-017	Тауарлы ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу	0,606	0,606	-	-	-	-	-
9.	03-047-424-018	ЖЭО-2 энерго кешенін орналастыру	0,5012	-	-	-	-	-	0,5012
10.	03-047-062-135	Тауарлы ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу	0,5013	0,5013	0,5013	-	-	-	-
11.	03-047-117-1940	Шаруа қожалығын жүргізу	1,2013	-	-	-	-	1,2013	-
12.	03-047-117-287	Шаруа қожалығын жүргізу	0,2877	0,2877	0,2877	-	-	-	-
13.	03-047-117-289	Шаруа қожалығын жүргізу	0,0219	0,0219	0,0219	-	-	-	-
14.	03-047-117-290	Шаруа қожалығын жүргізу	0,2522	0,2522	0,2522	-	-	-	-
15.	03-047-424-017	Тауарлы ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу	1,2585	1,2558	-	-	-	-	-
16.	03-047-424-011	Тауарлы ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу	0,3951	0,3951	-	-	-	-	-
17.	Босалқы жерлер	-	0,1519	0,1402	0,1402	-	-	0,0117	-
	Барлығы аудан бойынша	-	7,1135	5,1832	1,3477	-	-	1,4149	0,5154
Талғар ауданы									
1.	03-051-167-013	Тауарлы ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу	2,64	-	-	-	-	2,64	-
2.	03-051-167-016	Тауарлы ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу	1,15	1,15	-	-	-	-	-
3.	03-051-167-171	Шаруа қожалығын жүргізу	0,18	0,18	-	-	-	-	-
	03-051-167-	Шаруа қожалығын							

4.	175	жүргізу	0,02	0,02	-	-	-	-	-
5.	03-051-167-205	Шаруа қожалығын жүргізу	0,08	0,08	-	-	-	-	-
6.	03-051-167-235	Шаруа қожалығын жүргізу	0,16	0,16	-	-	-	-	-
7.	03-051-167-236	Шаруа қожалығын жүргізу	0,11	0,11	-	-	-	-	-
8.	03-051-167-237	Шаруа қожалығын жүргізу	0,16	0,16	-	-	-	-	-
9.	03-051-167-243	Шаруа қожалығын жүргізу	0,17	0,17	-	-	-	-	-
10.	03-051-167-244	Шаруа қожалығын жүргізу	0,15	0,15	-	-	-	-	-
11.	03-051-167-293	Шаруа қожалығын жүргізу	0,09	0,09	-	-	-	-	-
12.	03-051-167-301	Шаруа қожалығын жүргізу	0,06	0,06	-	-	-	-	-
13.	03-051-167-307	Шаруа қожалығын жүргізу	0,08	0,08	-	-	-	-	-
14.	03-051-167-332	Шаруа қожалығын жүргізу	0,07	0,07	-	-	-	-	-
15.	03-051-167-351	Шаруа қожалығын жүргізу	0,1	0,1	-	-	-	-	-
16.	03-051-167-353	Шаруа қожалығын жүргізу	0,02	0,02	-	-	-	-	-
17.	03-051-167-362	Шаруа қожалығын жүргізу	0,19	0,19	-	-	-	-	-
18.	03-051-167-403	Шаруа қожалығын жүргізу	0,1	-	-	-	-	0,1	-
19.	03-051-167-408	Шаруа қожалығын жүргізу	0,16	-	-	-	-	0,16	-
20.	03-051-167-411	Шаруа қожалығын жүргізу	0,05	-	-	-	-	0,05	-
21.	03-051-200-075	Тауарлы ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу	22,56	16,43	2,72	-	-	5,99	0,14
22.	03-051-200-076	Тауарлы ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу	8,74	8,62	8,62	-	-	0,12	-
23.	03-051-200-082	Тауарлы ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу	0,17	-	-	-	-	-	0,17
24.	03-051-200-113	Тауарлы ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу	0,38	0,38	0,38	-	-	-	-
25.	03-051-200-122	Тауарлы ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу	8,06	8,06	8,06	-	-	-	-
26.	03-051-200-128	Тауарлы ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу	1,46	1,46	1,46	-	-	-	-

27	03-051-200-139	Тауарлы ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу	4,18	4,18	-	-	-	-	-
28	03-051-200-142	Тауарлы ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу	2,86	2,86	-	-	-	-	-
29	03-051-200-146	Тауарлы ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу	0,96	0,96	0,96	-	-	-	-
30	03-051-200-149	Тауарлы ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу	0,03	-	-	-	-	0,03	-
31	03-051-200-160	Тауарлы ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу	0,46	-	-	-	-	0,46	-
32	03-051-342-001	" Алматы-Көкпек-Қорғас " автомобиль жолына қызмет көрсету	0,22	-	-	-	-	-	0,22
33	Қонаев өндірістік кооперативі	-	0,85	-	-	-	-	0,85	-
34	Гүлдала ауылдық округі	-	3,47	2,14	-	-	-	1,19	0,14
	Барлығы аудан бойынша	-	60,14	47,88	22,2	-	-	11,59	0,67

Алматы облысы әкімдігінің 2016 жылғы "14" қаңтар "Алматы-Байсерке-Талғар" магистральдық газ құбырының күзет аймағы шекарасын белгілеу және жерді пайдалану режимін айқындау туралы" № 11 қаулысына 2-қосымша

"Алматы-Байсерке-Талғар" магистральдық газ құбырының күзет аймағындағы жерді пайдалану режимі

1. Газ құбырының күзет аймағында:

1) өткелдерді, қара жолдарды және магистральдық құбыр трассасы мен оның күзет аймағын өзге де уақытша немесе тұрақты көлікпен кесіп өтудің орналасу орындарын, салу, жайластыру және пайдалану тәртібін магистральдық құбырдың меншік иесімен келіспей, орнатуға;

2) бағбандыққа және орман өсіруге, сондай-ақ жер жырту тереңдігі отыз бес сантиметрден аспайтын далалық ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру үшін агротехникалық жұмыстар кешенінен басқа, магистральдық құбырдың меншік иесімен келісілмеген кез келген жұмысты орындауға;

3) магистральдық құбырдың меншік иесі не оператор жайластырған, магистральдық

құбырға қызмет көрсету мен оның физикалық қорғалуын қамтамасыз етуге арналған жолдарды рекультивациялауға, сондай-ақ магистральдық құбырда өртке қарсы және күзет функцияларын орындайтын қызметкерлердің осы жолдармен қозғалысына, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, кедергі келтіруге;

4) кез келген құрылыстар мен ғимараттар салуға;

5) автомобиль көлігі құралдарының, тракторлар мен механизмдердің тұрақтарын ұйымдастыруға;

6) мелиоративтік жер жұмыстарын жүргізуге, суару және құрғату жүйелерін салуға;

7) магистральдық құбырдың меншік иесінің келісімінсіз тау-кен, құрылыс салу, монтаждау және жару жұмыстарын жүргізуге, жерді тегістеуге;

8) ұңғымалар, тікқазбалар орнатуға және топырақ сынамаларын (топырақ үлгілерінен басқа) алуға байланысты геологиялық түсіру, іздеу, геодезиялық және басқа да іздестіру жұмыстарын жүргізуге тыйым салынады.